



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ

### ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ

#### АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

**Құрметті жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар және студенттер!**

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті сіздерді **2023 жылғы 20-21 сәуірде** өтетін Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Қалдыбек Сәбденұлы Сәбденовтың 90 жылдығына арналған "**Ғылымдағы сабақтастық - аграрлық ғылым мен өндірістің тұрақты дамуының негізі**" атты жас ғалымдар мен студенттердің Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысуға шақырады.

**Конференция материалдары 2023 жылдың 10 сәуіріне дейін қабылданады.**

**Конференцияға қатысу формасы: онлайн және офлайн.**

**Конференция тілдері: қазақ, орыс және ағылшын.**

**Конференцияның мақсаты:** жас ғалымдардың және студенттердің шығармашылық белсенділігін арттыру, оларды замануи аграрлық ғылымның өзекті мәселелерін шешуге тарту, сонымен қатар агроөнеркәсіп кешенінің индустриалдық-инновациялық дамуына әсер ету.

**Конференцияға қатысу** – бұл студент, магистрант, докторант және 40 жасқа дейінгі жас зерттеушілерге ғылыми жұмыстарыды жариялаудың тамаша мүмкіндігі.

**Конференция барысында төмендегідей секциялардың жұмысы жоспарлануда:**

№	Секцияның атауы	Жауапты тұлға	Электронды мекен-жайы
1	Зооинженерия және мал шаруашылығындағы технологиялар	1)Аблайсанова Гульмира Мухамбеталиевна 2)Сансызбаева Бибігүл Қуатжанқызы	ablai_gulmira@mail.ru  bibigul_93.19@mail.ru
2	Ветеринариялық медицина және санитария	Бименова Жанат Жолшыбайқызы	zhanat.bimenova@kaznaru.edu.kz
3	Агробиология, топырақтану, өсімдіктерді қорғау және экология	Сулейманова Гульнур Алмасовна	gulnur.suleimanova@kaznaru.edu.kz
3	Ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу және тағам қауіпсіздігі	1)Ербүлекова Молдир Танатаровна 2)Ахлан Тоғжан Бақытқызы	moldir.yerbulekova@kaznaru.edu.kz togzhan.akhlan@kaznaru.edu.kz
4	Агроинженерия, АӨК-дегі	Хазимов Қанат	khazimov.kanat@kaznaru.edu.kz

	IT технологиялар	Мухатович	du.kz
5	Су, орман және жер ресурстарын тиімді пайдалану	Алдиярова Айнур Есиркеповна	ainura.aldiarova@kaznaru.edu.kz
6	Экономика, менеджменті аграрлық құқық	АӨК және Айтмуханбетова Дамира Алматаевна	damira.aitmukhanbetova@kaznaru.edu.kz
7	Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар	Айтмуханбетова Дамира Алматаевна	damira.aitmukhanbetova@kaznaru.edu.kz

**Конференцияның ұйымдастыру комитеті жұмыс барысын төмендегідей етіп айқындады:**

- **20 сәуір** пленарлық және секциялық отырыстар;
- **21 сәуір** конференцияны қорытындылау, резолюция қабылдау, дипломдарды табыстау.

Конференция баяндамаларының материалдары университеттің сайтында (www.kaznaru.edu.kz – Ғылым - Ғылыми конференциялар - Конференция материалдары) ISBN тағайындаумен электронды түрде жарияланады. Конференцияға қатысу үшін 2023 жылдың **10 сәуіріне дейін** жоғарыда көрсетілген жауапты тұлғаларға көрсетілген электронды мекен-жайларына келесі материалдарды жіберу керек:

- **қатысу өтініші;**
- **рецензиясы бар мақала.**

Көрсетілген мерзімнен кейін ұйымдастыру комитетіне келіп түскен мақалалар қарастырылмайды, баяндама материалдарында жарияланбайды.

Ұсынылған материалдардың сапасына автордың өзі жауапты. Жіберілген мәтін түпнұсқа болып табылады және редакциялауға жатпайды. Ұйымдастыру комитеті жариялау үшін материалдарды іріктеу құқығын өзіне қалдырады. Келіп түскен материалдар редакциялық алқаның сараптамасынан өтеді және оның қорытындысы бойынша ұсынылған материалдар конференция жинағына енгізіледі. Сараптамадан өтпеген, мерзімнен кешіктіріліп ұсынылған және талаптарға сәйкес рәсімделмеген материалдар қарастырылмайды әрі авторларға қайтарылмайды.

**Конференция жинағында мақалаларды жариялау ТЕГІН.**

**Комиссияның ұсынымдары бойынша ең үздік мақалалар ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚЕК ұсынған басылымдар тізбесіне енетін "Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты" ғылыми журналында жарияланады (тиісті пысықтаудан кейін).**

**"Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты" журналында жариялау АҚЫЛЫ (журналдың ережесі бойынша).**

Барлық сұрақтар бойынша конференцияны ұйымдастыру комитетінің жоғарыда көрсетілген электронды мекен-жайларына немесе мына телефондарға хабарласа аласыздар: **+7 (727) 262-17-29, +7 (727) 267-12-42.**

**Іс-сапар шығындары (жол, тұрғынжай, тамақтану) конференцияға қатысушылар немесе жіберуші тарап есебінен жүзеге асырылады.**

**ҚҰРМЕТТІ ҚАТЫСУШЫЛАР, ЕРЕЖЕЛЕРІДІ МҰҚИЯТ ОҚЫП ШЫҒУЛАРЫҢЫЗДЫ СҰРАЙМЫЗ!**

**МАҚАЛАНЫ РӘСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

Мақала **қазақ, орыс және ағылшын** тілдерінде жарияланады. Мақала мәтіні MS Word бағдарламасында терілген, көлемі 3-тен 5 бетке дейін болуы керек және өз зерттеулерінің нәтижелерін қамтуы керек. Тек әдеби дереккөздерге негізделіп

жазылған шолу мақалалары қабылданбайды. Мақала авторлары 3 адамнан аспауы қажет.

- Баяндама мәтінінің қарпі - Times New Roman, қаріп көлемі 12, жол аралығы – 1, жаңа жол – 1, жоғарғы және төменгі жақтары – 2,5 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см.

- **ӘОЖ** (үстінде сол жақта), бір жолдан соң ортада авторлардың фамилиялары мен инициалдары қанық әріптермен, тағы бір жол төмен курсивпен авторлардың жұмыс орнының толық атауы жазылады. Тағы бір жол төмен ортада мақала тақырыбы бас әріптермен жазылады.

- Негізгі мәтіннің алдында мақала тілінде 10 жолдан аспайтын **аңдатпа**, жаңа жолдан **кілт сөздер** жазылады.

- Мәтін тексеріліп, мына бөлімдерден тұруы қажет: кіріспе, материалдар мен әдістер, зерттеу нәтижелері, нәтижені талдау, қорытынды, қолданылған әдебиеттер тізімінен тұру қажет. Қолданылған әдебиеттер тізімінен кейін бір жолдан соң ортада авторлардың тегі мен инициалдары, бас әріптермен мақала тақырыбы, аңдатпа мен кілт сөздер қалған екі тілде 10 жолдан кем болмауы тиіс. **Шетелдік қатысушыларға қазақ тілінде аңдатпа мен кілт сөздер жазу қажет емес.** Суреттер мен сызбалар анық болуы керек. Қолданылған әдебиеттер сілтемесінде мақаланың барлық авторы/авторлары жазылуы керек.

- Бөлімдердің аты: кіріспе, материалдар мен әдістер, зерттеу нәтижелері, нәтижелерді талдау және қорытындылары жаңа жолдан, қанық әріптермен және нүктесіз жазылуы тиіс.

- Мәтінде астын сызу, қанық әріппен және курсивпен жазуға болмайды.

**Көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін мақалалар жариялауға қабылданбайды.**

*Мақаланы рәсімдеу үлгісі*

ӘОЖ

**Аймұхамбет Г.Н.**

*Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті*

**МЫСЫҚТАРДЫҢ ІШЕК МИКРОБИОМЫНА МЕТАГЕНОМДЫ ТАЛДАУ**

Аңдатпа .....

Түйін сөздер.....

Мақала мәтіні.....Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін  
Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін  
Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін Мәтін

Қолданылған әдебиеттер тізімі

**Аймұхамбет Г.Н.**

*Казахский национальный аграрный исследовательский университет*

**МЕТАГЕНОМНЫЙ АНАЛИЗ КИШЕЧНОГО МИКРОБИОМА КОШЕК**

Аннотация .....

Ключевые слова .....

# METAGENOMIC ANALYSIS OF THE INTESTINAL MICROBIOM OF CATS

**Aimukhambet G.N.**

Kazakh National Agrarian Research University

Abstract.....

Keywords.....

## ӨТІНІШ ФОРМАСЫ

Мақаланың (баяндама)толық атауы	
Автордың оқу / жұмыс орны (мекеменің толық атауы)	
Автордың (толық) аты-жөні, курсы, мамандығы	
Ғылыми жетекшінің аты- жөні (толық) ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы (бар болса)	
Қатысу формасы: - конференцияға мақаламен (баяндамен) қатысу <b>немесе</b> мақаламен онлайн қатысу	
Секция	
E-mail	
Байланыс телефоны	

Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы:

050010, Алматы,.Абай көшесі 8.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті,

Стратегия, ғылым және халықаралық қатынастар департаменті

№ 93,99 кабинет, бас ғимарат.

Құрметпен, **ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ**